

Г. Әбілқасымова<sup>1</sup>, Г.К. Қалтаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;  
<sup>2</sup>С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: gulnar\_s@mail.ru)

## Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлаудың ерекшеліктері мен мазмұны «Кәсіптік оқыту әдістемесі» пәні мысалында

Мақалада болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлаудың ерекшеліктері мен мазмұны өзектілігі қарастырылған, кәсіптік оқыту әдістемесі (мамандануы бойынша) зерттеу пәнін өз деңгейінде ашу үшін қойылған міндеттеріне сәйкес теориялық білім мен кәсіби біліктерінің, дағдыларының талдау, жұмыс жүргізу қажеттілігі анықталды. Кәсіптік оқыту әдістемесінің негізі — бұл кәсіптік оқыту педагогтарын дайындау жүйесіндегі жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқытудың бірі, яғни педагогика, психология және техника мен өнеркәсіп технологиясындағы қазіргі ғылыми жетістіктеріне негізделген. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының даярлықтарын үнемі жетілдіріп отырудың қажетті шарты жоғары оқу орындарынан шығатын маманның өндірістің талаптарына сәйкес келуі болып табылады. Даярлау мәселесі теория мен оқыту практикасындағы зерттелу деңгейін талдау негізінде ұсынылған және білім беру жүйесінде болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлаудың жағдайына талдау жасау арқылы кәсіби-техникалық және педагогикалық сапалары үйлесетін маман даярлау қажеттілігін негіздейді. Авторлар кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби даярлығы өз алдына дербес, бірақ бір-бірімен тығыз байланысып, астасып жататын ұйымдастыру-технологиялық, өндірістік-басқару, жобалау, ғылыми-зерттеу және білім беру даярлықтарын біріктіретін көпжақты жүйе болып табылатындығын көрсеткен.

*Кілт сөздер:* кәсіптік оқыту, кәсіптік оқыту педагогы, кәсіптік-педагогикалық білім, даярлаудың дидактикалық негізі, ұйымдастыру-технологиялық, өндірістік-басқару, жобалау, ғылыми зерттеу.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын әрбір қадамын сенімді басқан мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтар қатарынан қалмай, болашақты оптимистік көзқараспен болжамдап, өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдей алатын, өркениетті даму жолындағы жаңа бағыттарын айқындаудың жолы деп білеміз [1].

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғарғы оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Ел Президентінің «Қазақстан–2030» Стратегиясының бағдарламасында барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, елдің денсаулығын жақсартумен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілгендей, Тәуелсіз мемлекетімізге еңбеккер, өз кәсібін терең түсінетін, білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар қажет. Осы айтылған міндеттер мамандар дайындайтын жоғарғы оқу орындарының алдында тұрған негізгі мәселелер [2].

Қазақстан дүниежүзілік қауымдастыққа нарықтық экономикасы дамыған мемлекет ретінде танылды. Осы тұрғыдан келгенде дүниежүзілік қауымдастыққа экономикасы жағынан емес, сонымен қатар білімі жағынан халықаралық стандарттардың талаптарына сай келеді. Бұған дәлел Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қайтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлап білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз» [3].

Сол себепті бүгінгі күні Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындары алдына әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзыретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отыр. Педагог-мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын,

оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейін игерген маман ретінде даярлау мәселесін тудырады.

Кәсіптік оқыту педагогының даярлығын жетілдіру мәселесінің теория мен оқыту практикасындағы зерттелу деңгейін талдау кәсіптік оқыту педагогының кәсіби даярлығы өз алдына дербес, бірақ бір-бірімен тығыз байланысып, астасып жататын ұйымдастыру-технологиялық, өндірістік-басқару, жобалау, ғылыми-зерттеу және білім беру даярлықтарын біріктіретін көпжақты жүйе болып табылатындығын көрсетіп, оны жетілдіру жолдарын анықтауға мүмкіндік берді [4].

Жоғарғы оқу орындарында болашақ кәсіптік оқыту педагогын кәсіби даярлаудың жалпы жүйесінің әрбір компоненті өзіне тән міндеттерді атқарады. Енді олардың әрқайсысына мазмұндық сипаттама берейік [5].

*Ұйымдастыру-технологиялық және өндірістік-басқару даярлығы* ұжымда қызметтес серіктестермен өзара қарым-қатынасқа дайын болу, орындаушылар жұмысын басқару және ұйымдастыру әдістерін меңгеру; өз еңбегін тиімді ұйымдастыра білу, жалпы еңбек ету дағдыларын, шеберлікті (еңбекті жоспарлау, орындалған жұмысты талдау, жұмыс орнын ұйымдастыру) меңгеру; өз еңбегінің нәтижелері мен процесін өзі талдауға, өзіне-өзі кәсіптік жетілдіру саласында міндет қою және жүзеге асыру, өзінің кәсіптік қызметін құбылмалы талаптарға сәйкестендіре білуге қабілетті болуымен анықталады.

*Жобалау және ғылыми-зерттеу даярлығына қойылатын талаптар:*

- болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну және оған қалыптасқан кәсіптік қызығушылығы, кәсіптік қызмет саласында басты мәселелермен таныстығы, өз еңбегінің жемісі үшін кәсіптік жауапкершілік сезіміне ие болуы тиіс;
- ҚР «Білім туралы» Заңын, тәрбие және кәсіптік оқыту туралы мәселелер бойынша негізгі нормативтік және оқу-бағдарлама құжаттарын, әдістемелік нұсқауларын білумен бірге, оқушының тұлғалық құқығын қорғауға көмектесу қажет;
- техниканың даму және құбылмалы әлеуметтік тәжірибе жағдайында жинақталған тәжірибені қайта бағалауға, өз мүмкіншілігін талдауға, қазіргі заман технологиясын қолдану арқылы жаңа білім ала білу;
- өзінің қызмет саласында пайдаланылатын ақпаратты компьютерлік әдіспен жинақтай, сақтай және өңдей білу;
- кәсіптік әрекеттерді жүзеге асыруда белгілі алгоритмдер бойынша есеп шығаруға дайын болу;
- дайындық саласына сәйкес бір жұмысшы мамандығына дағдыланып меңгеру.

*Білім беру даярлығына сәйкес түлек мынадай:*

- табиғат пен қоғам дамуының негізгі заңдылықтарын білуге;
- адамның адамға, қоршаған ортамен қарым-қатынасын анықтайтын этикалық және құқықтық қағидаларын қадағалай білуге және адамзаттың қоғамдық өмірінің, этносаралық төзімділігінің қағидадарына құрметпен қарауға;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілін білуге, сонымен қатар басқа да тілдерді меңгеруге;
- денсаулықты құндылық ретінде түсінуге, тіршілік қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау бойынша білім мен іскерлікке ие болу, талаптарына жауап беруі қажет.

Кәсіптік даярлық компоненттерінің әрқайсысы дербестікті сақтағанымен, олар өзара тығыз байланысып, бірыңғай тұтастықты құрайды, ортақ мақсатты — дүниеге көзқарасы шынайы, жаңаша, шығармашылықпен жұмыс істей алатын бәсекеге қабілетті болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғасын қалыптастыруды көздейді.

*«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша бакалаврдың құзыреттілік негізіне:*

- ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдениеттің тасымалдануын қамтамасыз ететін әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің ерекше саласы ретінде білім туралы біртұтас түсінігі болуы қажет;
- гуманитарлық іскерліктің ерекше саласы ретінде білім саласы туралы біртұтас түсінігіне ие болуы;
- психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ғылыми негіздерін білуі;
- өнеркәсіп әрекетінің білім мекемелерінде маркетинг, менеджмент, кәсіпкер экономикасының негіздерін білуі;
- әлеуметтік маңызы бар мәселелер мен процестерін ғылыми талдай білуі мен кәсіптік, педагогикалық, қоғамдық қызметте әр түрлі ғылымдардың қазіргі әдістерін қолдана білуі;

- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білуі;
- оқу процесі мен кәсіптік қызметте компьютерлік техниканы қолдану дағдыларының болуы;
- оқу-тәрбиелеу процесінде қазіргі педагогикалық технологияларды қолдану дағдыларының болуы;
- білім беру жүйесінде, кәсіпорында, ақпараттық технологияларды қолдануда, оқу процестерін басқаруда, мамандандыру және кәсіптік оқыту саласында терең білімді болуы сияқты талаптар қойылады.

Педагогикалық қызметті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретіндегі педагогикалық технологияның негізгі функциясы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру мен тұлға дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Педагогикалық технологияларды оқытушылар өз тәжірибесінде жүзеге асырады. Сондықтан оқытушы технологияның мәнін, оның ғылыми негіздерін білуі, оларды оқыту мен тәрбиелеудің нақты жағдайларына бейімдей алуы, оқу пәндерінің әдістемесі бойынша дербес технологияларды жасау біліктілігі, білім беру процесінің нәтижелі болуын ғана қамтамасыз етпейді, сонымен қатар педагогикалық технологиялардың әрбір жеке педагогтың кәсіби ойлауы мен іс-әрекетінің қалыптасуына орасан зор ықпал етеді.

Бұқаралық, қоғамдық, педагогикалық сананың шынайы көрінісін дер кезінде ескеру, теориялық ұстанымдарды нақтылау және педагогтардың объективті қажеттіліктеріне үнемі көңіл бөліп отыру үшін теория мен практика арасындағы байланыстың үзілмеуі қажет [6]. Сондықтан кәсіптік оқыту педагогының тәжірибесінде осы байланыстың қандай орын алатынын және оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін шешу барысында қалай іске асырылатынын анықтауы қажет. Мұның өзі бізге кәсіптік оқыту педагогының технологиялық даярлығының қазіргі жағдайын талдауға негіз болады.

Осыған орай, кәсіптік оқыту педагогтарының мақсаты пәнді оқыту барысында іске асырылып жүрген технологиялардың мазмұны мен сипаты туралы мәлімет алу болады. Мақсат қою барысында кәсіптік мектеп педагогтары мен мектеп оқытушылары көп жағдайда оқушылардың бағдарламалық материалды меңгеруіне, олардың өз бетімен жұмыс жасауын, белсенділігін, ізденімпаздығын, шығармашылық ойлауларын қалыптастыруға, тіл табысу қабілеттерін дамытуға көңіл бөледі.

Осы айтылғандардың барлығы бізге жоғарғы оқу орындарында болашақ кәсіптік оқыту педагогының даярлығын жетілдіру қажеттілігін дәлелдеп береді. Кәсіптік оқыту әдістемесі курсының бағдарламасы жоғары оқу орынының педагогикалық мамандықтарының қолданыстағы типтік оқу жоспарына сәйкес 5B012000 — «Кәсіптік оқыту» (бакалавр мамандар) дайындау үшін құрастырған.

Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын кәсіптік даярлаудың сапасын қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі деңгейде мемлекеттік білім стандарттарын енгізу, еңбек нарығын қалыптастыратын талаптарды есепке алу және қоғамдағы болып жатқан түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер оқушылардың кәсіптік даярлығының деңгейлеріне қойылатын талаптарға жаңа мазмұн беріп отырады [7].

Қазіргі жоғарғы мектептегі оқыту процесінің ерекшеліктеріне мынадай талаптар:

- студенттерге ұсынылатын ғылыми білімнің теориялық деңгейінің жоғары дәрежеде болуы;
- мамандар даярлаудың саласын кеңейтілуі;
- оқу процесінің интеграциясының жүзеге асырылуы;
- оқытуда студенттердің өзіндік шығармашылық әрекетін арттыратын ғылыми зерттеудің әдістеріне жақын келетін оқыту тәсілдерін жан-жақты қолданылуы анықтайды.

Кәсіптік оқытудың құзырлығы жоғары дәрежелі білікті маманын даярлау үшін өндірістік оқытудың арнайы мақсаттары болып:

- кәсібилік;
- мамандық;
- біліктілік табылады.

*Кәсібилік* деп еңбек қызметінің үнемі атқарылатын түрін, оны атқару үшін физикалық мүмкіндікті, интеллектуалдық қабілеттілікті және заңды құқықтылықты қамтамасыз ететін білім мен іскерліктің жиынтығын айтады. Кәсіп саласы белгілі мамандықтар бойынша еңбек бөлінісіне ие болады [8]. Мысалы, дәнекерші кәсібі мына түрлерге бөлінеді: дәнекерші-құрастырушы; дәнекерші-жөндеуші; дәнекерші-аспапшы т.б.

*Мамандық* еңбек қызметінің белгілі бір кәсіп шеңберіндегі нақты бөлігі болып табылады. Кейбір кәсіп саласының қызметіне орай мамандандыру процесі жүргізіледі. Мысалы, мамандық – кәсіби қызметіне қарағанда ұғымы кең, ал мамандану – мамандыққа қарағанда әлдеқайда тар ұғым.

*Біліктілік* – белгілі бір қызмет түрінде қандай да бір еңбек қызметтерін орындауға мүмкіндік беретін қабілеттерінің даму деңгейі. Ол теориялық білімнің көлемімен және практикалық дағдылармен анықталады. Кәсіптік даярлықтың біліктілік деңгейі мына түрлерге бөлінеді:

- нөлдік – біліктілігі жоқ жұмысшылар;
- бірінші – жұмысшы мамандар;
- екінші – орта дәрежелі мамандар (техниктер);
- үшінші – жоғары дәрежелі мамандар (инженерлер, дәрігерлер, мұғалімдер);
- төртінші – ғылыми дәрежелі мамандар (ғылым саласы бойынша кандидаттар мен докторлар).

«Кәсіптік оқыту әдістемесі (мамандануы бойынша)» пәнін өткізудің мазмұнын толық ашу үшін осы курстың мақсаттары мен міндеттеріне тоқталайық.

*Оқу пәнінің әдістемесі* – білім беру мақсатына, мазмұнына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды ұйымдастыру міндеті, мазмұны, әдісі және формасы туралы ғылым.

Дегенмен, кәсіптік мектеп және жоғары білім беретін орындарда оқу процесін ұйымдастырудың тиімді формалары мен әдістерін, жаңа оқыту технологияларын іс жүзінде пайдалана алу қажеттілігі туындайды.

Кәсіптік білім берудің жоғарғы сапасын ғана емес, сонымен бірге азаматтық қоғамның іргетасы ретіндегі білім берудің жаңа философиясын бейнелейтін білім беру парадигмасымен айырбасталады. Осыған орай білім берудің жаңа жүйесінде жоғарғы оқу орындарындағы оқылатын пәндерді технологиялық ғылыми-теориялық негізде оқыту мақсаты алға қойылған.

Ұсынылып отырған оқу құралында теориялық материалдар айқындалып, негізгі анықтамалар, қағидалар, әдістер, арнайы пәндерді және технологияны оқыту әдістемесінің формалары ұсынылды [9].

*Курстың мақсаты* — студенттерді болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың әдістемелік негізін қалау, жалпы білім беретін мектептерде оқушы жастармен бастауыш, кәсіптік білім мен еңбек технологиясының типтік оқу бағдарламаларының тарауларына сәйкес жұмыстар жүргізуіне, оқушыларды жаңаша әлеуметтік және экономикалық жағдайларда еңбекке дайындауға қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыру.

*Курстың міндеттері:*

- кәсіпке оқыту мазмұнының әр кезеңіндегі білім беру мазмұны жөніндегі студенттерге нақты түсінік беру; педагогтың сабақты ұйымдастыруы мен материалдық жабдықтауы, оларды жоспарлау жұмыстарының мазмұнымен таныстыру, сабақтан тыс, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен басқаруға болашақ оқытушыларды дайындау;
- жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілеті жоғары, кәсіптік бейім тұлғаны тәрбиелеу және жетілдіруге жағдай жасау; болашақ кәсіптік қызметінде өзін-өзі айқындау мен өз мүмкіндігін жүзеге асыруға дайындау;
- студенттерді педагогикалық еңбекті тиімді ұйымдастыруға, жастарға білім берудің тиімді әдістері мен формаларын, оқу құралдарын таңдауға, әдістемелік, анықтамалық және арнайы әдебиеттермен жұмыс жасауға үйрету.

Жоғарғы оқу орнындағы мамандарға, яғни студенттерге, білім беру кезінде инженерлік және педагогикалық білімдерін біріктіреді. Осының негізінде еліміз білім беру жүйесінен дағды мен іскерлікті меңгерген жалпытехникалық, өндірістік және арнайы инженерлік даярлығы жоғары маман кадрларды даярлауды талап етеді. Олар даярлық барысында педагогикалық, кәсіптік-техникалық, диплом алдындағы іс-тәжірибелерден өтеді.

Іс-тәжірибе барысында студенттер алған теориялық білімдерін тәжірибеде жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады. Жоғарғы оқу орнындағы мамандар студенттерге жалпытехникалық біліммен бірге инженерлік және педагогикалық білімдер де береді. Осының негізінде білім беру жүйесі, іскерлік пен дағдысы қалыптасқан жалпытехникалық, өндірістік және арнайы инженерлік дайындықтан өткен мамандар даярлайды.

Білімді бақылау және бағалау ғылыми дәлелденген, практикада қолданылған қағидалар негізінде жүргізіледі:

*Әділдік*, шындық (білім сапасының нақтылығы, баға өлшемі мен ережесі мөлшеріне қатысты) — бұл субъективтік факторларды болдырмауды көздейді.

*Жан-жақтылықты бақылау* — оқу бағдарламасының барлық бөлігін қамтиды, оқушылардың теориялық білімдерін, интеллектуалдық және практикалық іскерлік пен дағдысын бақылауды қамтамасыз етеді.

*Жүйелік, бірізділік* — әрбір сабақ, тақырып бойынша оқушылар оқу әрекетінің басқа буындарымен байланыстыра қаралып, оқыту процесінің барлық кезеңдерінде бақылау жүргізуді көздейді: түйінді сұрақтар бойынша оқыту нәтижесін қорытындылау, тақырыптық бақылау, сабақтар бойынша балл қою т.с.с.

*Жеке-дара қатынас* — әрбір оқушының ерекшелігін бағалауды (оның қабілеті, бейімділігі, денсаулығы, оқу әрекеті т.б.) қарастырады.

*Дифференциалдық қатынас* — әрбір пәннің ерекшелігін, жекелеген бөлімдерін, сонымен бірге оқушылардың жеке-дара қасиетін ескеріп, соған сәйкес бақылаудың әр түрлі әдістері мен оқытушының педагогикалық әдеп сақтауын талап етеді.

Қазіргі таңда адам іс-әрекетінің барлық саласына жаңа технологияларды ендіру басты мақсат болып отырған жағдайда мамандарды даярлау мазмұнына, ұйымдастыру формаларына және оның сапасын басқаруға қойылатын талаптар да артып отыр. Өндірістің технологиялық тұрғыдан дамуы кәсіптік оқыту педагогының даярлығына ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі өндіріске жұмысшылардан бастап, әкімшілік-басқару қызметкерлерін даярлау сапасы тікелей кәсіптік оқыту педагогының даярлық деңгейіне байланысты [10].

Сондықтан бүгінгі таңда кәсіптік оқыту педагогының даярлығын жоғары дәрежеге жеткізудің, яғни жетілдірудің, мәні ерекше. Кез келген оқу пәндік және оған сәйкес базалық ғылым нақты ұғымдар жүйесіне ие болғандықтан, пәнді жақсы түсіндіру үшін, ең алдымен, базалық категориясын анықтау қажет. Қазіргі таңда кәсіптік оқыту әдістемесінің негізі тек оқушыларды біліммен, іскерлікпен және дағдымен қаруландырып қою емес, сонымен қатар эстетикалық талғамымен және жоғары ізгілік қасиеттерімен жан-жақты дамыған адамдарды дайындау керек.

Кәсіптік оқыту әдістемесінің негізі – кәсіптік оқыту педагогтарын дайындау жүйесіндегі жалпытехникалық және кәсіптік оқыту әдістемесінің негізгі пәндерінің бірі. Өйткені ол педагогика, психология және техника мен өнеркәсіп технологиясындағы қазіргі ғылыми жетістіктеріне негізделген. Сонымен қатар кәсіптік оқыту әдістемесі курсына техника, технология, өнеркәсіп экономикасының заңдылықтарын білмей меңгеру мүмкін емес.

Осыған байланысты педагогикалық мамандықты меңгеру үшін оқу-тәрбие процесін және оқу процесін ұйымдастырудың талаптарын жетік меңгеру қажет. Әрбір нақты жағдайда қандай оқу әдістері жақсы нәтижелер беретінін, қандай көрнекіліктерді пайдалану неғұрлым тиімдірек болатынын және т.б. міндетті түрде білу керек.

Сонымен, жоғары мектеп педагогикасында ең маңызды мәселенің бірі — бұл студентті келешек мамандығына жақындату, іскер маман даярлау, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыру, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Ондай жан-жақты жетілген маман даярлау үшін оқыту, білім беру процесін белсендендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін енгізу керек.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан—2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Орталық Қазақстан. — 2013. — № 12, 13 (21438).
- 2 Қазақстан—2030. — Алматы: Yurist, 2006. — 152 б.
- 3 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://talimger.org/>
- 4 Әбілқасымова Г. Болашақ кәсіби оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығын жетілдіру: пед ғыл. канд. ... автореф. 31.05.2008. — Қарағанды, 2008. — 27 б.
- 5 ҚР МЖМБС 6.08.076-2010. 5В012000 — «Кәсіптік оқыту» мамандығы. — Астана, 2010. — 46 б.
- 6 Шаметов Н.Р. Формирование профессиональной компетентности будущих педагогов профессионального обучения в системе непрерывного образования «колледж – вуз»: автореф. ... канд. пед. наук. — Астана, 2006. — 28 с.
- 7 Әбілқасымова Г. Кәсіби оқыту педагогының инновациялық-технологиялық даярлығы: теория және тәжірибе. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. — 175 б.
- 8 Әбілқасымова Г. Кәсіби оқыту мамандықтарының іс-тәжірибе барысында инновациялық-технологиялық даярлық ерекшеліктері / ҚарМУ хабаршысы. Педагогика сер. — 2010. — №1 (57). — 44–48-б.
- 9 Кругликов Г.И. Методика преподавания технологии с практикумом: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. — 2-е изд. — М.: Академия, 2004. — 480 с.
- 10 Ортаев Б.Т. «Технология» пәнін оқыту әдістемесінің жалпы мәселелері: оқу құралы. — Шымкент: Нұрлы Бейне, 2010. — 120 б.

Г. Абилкасимова, Г.К.Калтаева

## Содержание и особенности подготовки будущих педагогов профессионального обучения

### На примере дисциплины «Методика профессионального обучения»

В статье рассматриваются содержание и особенности подготовки будущих педагогов профессионального обучения. Отмечено, что исследование дисциплины «Методики профессионального обучения» (по специализации) обусловлено практической необходимостью подготовки специалистов в соответствии с задачами на уровне теоретического знания и профессиональных умений, навыков. Методики профессионального обучения — это методики преподавания общетехнических и специальных дисциплин в системе подготовки педагогов профессионального обучения, это основа педагогики, психологии, современных научных достижений техники и технологии в промышленности. Доказано, что методика профессионального обучения является одной из важнейших дисциплин в подготовке педагога профессионального обучения как будущего специалиста. Проведен анализ проблемы подготовки будущих педагогов профессионального обучения на основе теории и практики обучения через профессионально-технические и педагогические качества. Авторами рассмотрены вопросы самостоятельной подготовки будущих педагогов профессионального обучения, где тесно взаимосвязаны организационно-технологическая, производственно-управленческая, проектная, научно-исследовательская и образовательная подготовка системы образования.

*Ключевые слова:* профессиональное обучение, педагог профессионального обучения, профессионально-педагогическое образование, дидактические основы подготовки, организационно-технологическая, производственно-управленческая, проектная, научно-исследовательская.

G. Abilkassimova, G.K. Kaltayeva

## The contents and features of preparation of future teachers of vocational training For example discipline «The methods of professional education»

The article discusses the contents and features of preparation of future teachers of vocational training, the study of the discipline methods of professional education (by specializations), due to the practical necessity of training in accordance with the objectives at the level of theoretical knowledge and professional skills. Methods of professional education is methods of teaching General technical and special disciplines in the training of teachers of vocational training, is the Foundation of pedagogy, psychology, modern scientific achievements and technologies in the industry. Preparedness of future teachers of vocational training is a necessary condition for continuous improvement in accordance with the requirements of higher education institutions, methodology of professional training is one of the most important disciplines in the training of the teacher of vocational training as a future specialist. The analysis of the problem of preparation of future teachers of vocational training on the basis of the theory and practice of learning through vocational and pedagogical quality, which necessitates training. The authors consider the self-training of future teachers of vocational training, where *vzaimosvyazei* closely with the organizational-technological, production-management, design, research, and educational training of the education system.

*Keywords:* professional education, teacher training, vocational teacher training, didactic bases of training, organizational-technological, production-administrative, engineering and scientific research.

### References

- 1 *Ortalyk Kazakhstan*, 2013, 12-13 (21438).
- 2 *The Decree of the Republic of Kazakhstan—2030*, Almaty: *Yurist*, 2006, 152 p.
- 3 [ER]. Access mode: <http://talimger.org/>
- 4 Abylkasymova G. *Future teacher professional learning innovation and technology improvement training*: abstract. ... cand. ped. sci.: 31.05.2008. Karaganda, 2008, 27 p.
- 5 6.08.076 GOSO RK-2010. 5B012000 — «Professional training» specialty, Astana, 2010, 46 p.
- 6 Shametov N.R. *The formation of professional competence of future teachers of vocational training in system of continuous education «college – higher school»*: abstract. ... cand. ped. sci., Astana, 2006, 28 p.
- 7 Abylkasymova G. *Teacher professional learning innovation and technological readiness: theory and practice*, Karaganda: KSU publ., 2013, 175 p.
- 8 Abylkasymova G. *Bull. of the University. Pedagogy Ser.*, 2010, 1 (57), p. 44–48.

- 
- 9 Kruglikov G.I. *Methods of teaching technology workshop: Proc. a manual for students. ouch. PED.proc. institutions. 2 nd ed.*, Moscow: Academy, 2004, 480 p.
- 10 Ortaev B.T. *«Technology» General issues of teaching methods. tutorial*, Shymkent: Nurly Beine, 2010, 120 p.

Репозиторий қарғу